

# *Пениitenciарлы психология*

*Сабақ жоспары:*

- 1. Сотталушы тұлғасын психологиялық талдау және реабилитациялау мүмкіндіктері.*
- 2. Кешенді психолог-психиатриялық сараптау және сот-психология тәжірибесіндегі адамның тұлғалық бітістерін талдау.*

1) Қылмыстық жазаны өтеу жағдайларында туындайтын психологиялық құбылыстар жайлы жинақталған фактілерді талдау және жүйелеу, зерттеу және оның негізінде белгілі бір психологиялық заңдылықтар орнату мақсатында ғылыми әдістер жасау мен қолдану кезеңінің алдындағы уақытпен байланыстырады (М.Н.Гернет, С.В.Познышев, А.Г.Ковалев, К.К.Платонов, В.М. Пирожков, А.Д.Глоточкин, В.Л.Васильев. Ю.В.Чуфаровский, М.И. Еникеев).



М.И.Еникеев бойынша, түзету (пенитенциарлы) психологиясы айыпталушының өкінуі мен ресоциализациясынан тұрады, түзету психологиясы- (лат. Тілінен алынғанда өкіну, түзетілу) тұлғаның бұрын бұзылған әлеуметтік сапаларын ресоциализациялаудың психологиялық негіздерін зерттейді.



## Пенитенциарлы психологияның объектілеріне мыналарды жатқызуға болады:

- айыпталушы тұлғасы, оның спецификалық ерекшеліктерінің динамикасы, жазасын өтеудің әр түрлі жағдайында және ресоциализациялау процесінде көініс беру тәсілдері;

- айыпталушылар топтары мен бірлестіктері, олардың әлеуметтік-психологиялық сипаттамалары, құндылық бағдарларының ерекшеліктері, асоциальді субмәдениеттері, айыпталушылар арасындағы стратификация;

- айыпталушыларды түзету мен ресоциализациялаудың негізгі құралдарының психологиялық негізділігі;

- қылмыстық жазаны өтеу мекемелері қызметкерлерінің тұлғасы мен ұжымы, олардың айыпталушыларды түзету және ресоциализациялау процесін ұйымдастыруға байланысты іс әрекеті;

- қылмыстық орындау заңы нормаларына психологиялық сараптама жасау және олардың айыпталушыларды түзету мен ресоциализациялау міндеттеріне сәйкес келуі.

Пенитенциарлы психологияның әдіснамасы айыпталушылардың тұлғасында, сондай-ақ олардың ортасында пайда болатын психологиялық процесстер мен құбылыстарды жүйелі, концептуалды тұтас қамтуды пенитенциарлық теориялар мен практикалардың маңызды мәселелерін ескеруді ұйғарады.

Пенитенциарлы психологияға тән әдіснамалық принциптер:

-детерминизм принципі

- даму принципі

- белсенділік  
принципі

- түзетілу  
принципі

- түзету процесінің  
тұтастығы принципі

- дифференциация және  
индивидуализация принципі

- тұлағаны  
ресоциализациялау мен  
гуманизациялау принципі

- түзету процесінің  
тұтастығы принципі

2) Психолого- психиатриялық экспертті комиссияның кешенді құрамына психиаторлар, патопсихологтар және сот психологтары кіреді. Ал психолого- медициналық экспертті комиссия құрамына сот және медициналық психология саласы бойынша мамандар кіреді. Психолінгвистикалық эксперттік комиссия құрамына сот психологиясы бойынша, психолінгвистер, сөйлеу психологиясы бойынша мамандар кіреді. Комиссия құрамына жұмысы тәуелсіз адамдар кіруі тиіс.

**Әдетте соттық-** психологиялық сараптама амбулаторлы түрде өтеді. Мұндай жағдайда жұмыс бойыншасарапшылар зерттеуді нақтырақ жүргізуге болады. Стационарлық жағдайда кешенді психолого-психиаторлық сараптама жүргізіледі.

Сот психологиялық экспертизаны жүзеге асыра отырып, сарапшы-психолог психологиялық диагностикалардың процедуралары мен методтарының жүйесін қолданады. Соңғы қорытынды кезеңде тұлғаның психологиялық структурасына жалпы қорытынды жасалады.

**Сарапшы-** психолог құқықтық мәселелерді шешпейді. Сарапшы қорытындысын талап ететін мәселе шеңберін сот шешеді.

## Соттық сараптама келесі кезеңдерден тұрады:

- Құжат- материалдарды толық зерттеу;
- Зерттеу объектісімен танысу;
- Экспериментальды зерттеуді немесе ұзақ мерзімді бақылау жүргізу, психодиагностикалық тесттерді қолдану;
- Қорытынды құрау;
- Қорытындыны сотта жариялау;
- Сарапшының сұрақ қоюы;

Сот сот өндірісі кезінде тараптардың мінез – құлқын зерттеуге мүмкіндік алады. Қандай жағдайда болса да, соттың білімі сот өндіріс кезінде өзінде-ақ сот дәлелдемелердің күшін және анықтығын, сараптама тағайындаудың қажеттілігін анықтайды. Бұлармен қатар, сот сот өндірісі үшін жаңа дәлелдердің пайда болуын есепке алады және алдын ала берілген деректердің жалғандығын да қадағалайды.

**Сот өндірісіне істі дайындау кезінде сот мыналарды белгілеуі керек:**

- 1) Заңға бағынатын фактілердің түрлерін;
- 2) Зерттеуге жататын дәлелдер қатарын;
- 3) Процеске қатысушы тараптарды.